

"Сарысу, Байзақ аудандарының аумақтарында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2013 жылғы 28 қарашадағы № 377 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 63 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" **Қазақстан** Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сарысу, Байзақ аудандарының аумақтарында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2013 жылғы 28 қарашадағы № 377 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2082 болып тіркелген, 2014 жылдың 18 қаңтарында № 6 (17863) "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1 тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танығаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ. Әбдірайымовқа жүктелсін.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев